

"Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/158 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 13 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 қаңтарда № 33952 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/158 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10929 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшері осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрі
2024 жылғы 30 қаңтардағы
№ 13 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасының
жануарлар дүниесін қорғау,
өсімін молайту және пайдалану
саласындағы заңнамасын
бұзумен келтірілген зиянның
орнын толтыру мөлшері

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшері

№ п/п	Жабайы хайуанның атауы	Зиянды өтеу ставкасының мөлшері айлық есептік көрсеткішпен (әрбір дарағы/әрбір килограммы үшін/ұясы үшін)
1	2	3
Жердегі сүт қоректілер		
1	Құлжа* (арғалы, арқар, үстірт қойы)	1500
2	Ілбіс*	2000
3	Борсық	10
4	Тиін	5
5	Құндыз	15
6	Қызыл қасқыр*	600
7	Орта азия кәмшаты*	400
8	Терістік кәмшаты	10
9	Сусары	10
10	Қабылан*	2000
11	Ақкіс	10
12	Қарақұйрық*	400
13	Үнді жайрасы*	200
14	Қара кірпі	5
15	Қоян (ақ қоян, толай, ор қоян)	5
16	Доңыз	250
17	Құдыр	250
18	Қарақал*	600
19	Құндыз жарғанаты	100
20	Сібір тау текесі	250

21	Сасық күзен	10
22	Қарсақ	5
23	Елік	250
24	Шағыл мысығы*	200
25	Ала аяқ мәлін	5
26	Түрікмен құланы*	2000
27	Ақтөс* және орман* сусарысы	200
28	Ақ құлақ	10
29	Түлкі	5
30	Бұлан	500
31	Сабаншы*	300
32	Қоңыр аю	200
33	Тян-шань қоңыр аюы*	700
34	Балжегіш аю*	600
35	Американ күзені	10
36	Еуропа күзені*	600
37	Теңбіл бұғы*	700
38	Бұғылар (теңбіл бұғыдан басқасы)	200
39	Су тышқан	5
40	Шұбар күзен*	200
41	Ала жертесер	5
42	Құну	100
43	Түркістан сілеусіні*	200
44	Сілеусін (Түркістан сілеусінінен басқа)	20
45	Жолман*	200
46	Серке киік	500
47	Ұрғашы киік, төлі	350
48	Бүрме ерінді жарқанат*	200
49	Үлкен көртышқан*	200
50	Жанат текті ит	10
51	Бұлғын	40
52	Саршұнақ	5
53	Суырлар (байбақ, қызғылт, сұр)	10
54	Мензбир суыры*	400
55	Балпақ-зорман	5
56	Сасық күзен	5
57	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сүтқоректілердің басқа да түрлері	100
58	Сүтқоректілердің басқа да түрлері	5
Құстар		

59	Қара ләйлек*	200
60	Үлкен, кіші суқұзғын	1
61	Ителгі*	700
62	Бүркіт*	400
63	Сақалтай*	400
64	Тарбақ шырғалақ*	200
65	Тарбақ (үлкен және кіші)	5
66	Үлкен және кіші әупілдек	5
67	Қызыл және қара мамыққаз	10
68	Саңырау құр	10
69	Құр	5
70	Күшіген (тазқара, ақбас, гималайлық күшіген)	10
71	Қаздар (құтұмсық қаздан өзгесі)	5
72	Құтұмсық қаз*	600
73	Тұрымтай	5
74	Жек дуадақ*	700
75	Дуадақ*	700
76	Ақбас тырна*	100
77	Сұр тырна*	200
78	Жыланжегіш қыран*	400
79	Қызыл жемсаулы қараша қаз*	200
80	Жамансары (кәдімгі, обалық, жұнаяқ қысқы, жамансары)	10
81	Қарабай*	100
82	Бақылдауық	5
83	Кекілік	5
84	Қалбағай*	200
85	Сұңқар*	200
86	Тарғақ*	400
87	Шалшықшы (кішісі және сүйір тұмсықтысы)*	200
88	Шалшықшы (ірі және орта)	5
89	Құмай*	100
90	Шіл	5
91	Сұңқылдақ аққу*, кішісі*	400
92	Сыбырлақ аққу	50
93	Құладың (батпақ құладынынан басқасы)	5
94	Қасқалдақ	5
95	Шыбыншы торғай*	100
96	Бақалтақ қыран*	100

97	Дала қыраны	20
98	Жыртқыш қыран	20
99	Аққұйрық субүркіт*, кезқұйрық субүркіт*	400
100	Қызғылт бірқазан*, бұйра бірқазан *	400
101	Бөдене	5
102	Ақ құйрық қызғыш*	200
103	Сұқсыр	5
104	Шаңқылдақ қыран	10
105	Көкқұс*	100
106	Ақбауыр бұлдырық, карабауыр бұлдырық*	200
107	Қарабауыр шіл	5
108	Убақ*	100
109	Лашын*	600
110	Балықшы тұйғын*	600
111	Жапалақ, байғыз (үкіден басқа)	5
112	Ақ тырна*	700
113	Алтай ұлары*	200
114	Гималай ұлары	10
115	Үйректер (Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгенінен басқасы)	5
116	Қырғауыл	5
117	Үкі*	200
118	Қоқиқаз*	400
119	Дара шағала*	200
120	Бидайық*	700
121	Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына енгізілген құстардың басқа да түрлері	100
122	Басқа да құс түрлері	5
Бауырымен жорғалаушылар		
123	Сұр кесіртке	20
124	Сары қыран кесіртке	1
125	Шұбар батбат	1
126	Сары қыран әбжылан	1
127	Әбжыландар (қызылжолқты, жолақты және төртжолқтылар)	1
128	Қара шұбар жылан, сарыбас жыландар, құмжыландар	1
129	Улы сұр жыландар	1
130	Қалқантұмсық жылан	2

131	Тасбақалар	2
132	Бауырымен жорғалаушылардың ғылыми және ағартушылық маңызы бар басқа да түрлері	1
Қос мекенділер		
133	Жетісу бақатісі	100
134	Қосмекенділердің ғылыми маңызы бар басқа да түрлері	1
Жәндіктер		
135	Қазақстан Республикасы: қызыл кітабына енгізілген қоңыздар мен көбелектер	3
136	Ғылыми және коллекциялық маңызы бар басқа қоңыздар мен көбелектер	0,5
137	Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына енгізілген жарғаққанаттылар	3
138	Жабайы аралар (ұясы үшін)	0,5
139	Жәндіктердің ғылыми және коллекциялық маңызы бар басқа да түрлері	0,5
Өрмекші тектілер		
140	Қарақұрттар, шаяндар, эрезустер, тарантулдар, аргиопалар мен өрмекші тектілердің ғылыми және коллекциялық маңызы бар басқа да улы түрлері	0,2
Балық, теңіз сүтқоректілері және су омыртқасыздарының түрлері		
141	Сырдариялық жауырындық*, волга көп аталықты майшабағы*, шортан тектес ақмарқа*, каспий және арал албырты*, ақбалық*, сылан*, күтім*, арал және түркістан қаязы*, іле шармай*, каспий жыланбалығы*, таймень*, балқаш алабұғасы* - балқаш және іле таралымы, пілмай* - арал және іле таралымы, сібір бекіресі*, шатқалдық тас тасалағыш*, ұзын бармақты шаян* (түркістан түр тармағы) (бір дарак үшін)*	300
142	Қортпа, уылдырықты пілмай (бір килограмм үшін)	100
143	Қортпа, пілмай қысыры (бір килограмм үшін)	100
144	Бекіре (сібір бекіресінен басқа), шоқыр, бекіренің уылдырықты будандары (бір килограмм үшін)	100

145	Бекіре, шоқыр, бекіренің қысыр будандары (бір килограмм үшін)	100
146	Сүйрік (бір килограмм үшін)	100
147	Ақсақа, көкшұбар, көкшарбы, пайдабалық, шыр, мұқсын (бір килограмм үшін)	1,2
148	Ақ амур, көксерке, сазан, тұқы, ақмарқа, беріш, кәдімгі жайын, нәлім, ақ және шұбар дөңмаңдай, шортан, жыланбас балық (бір килограмм үшін)	1,3
149	Табан, торта, қаракөз, тұрпа, майбалық, көкбас, қызылкөз қабыршықты және тақыр, аққайран, алтын және күміс мөңкелер, әдеттегі және балқаш (балқаш-іле таралымынан басқа) алабұғасы, оңғақ, әдеттегі және талас тарғақбалығы, қызылқанат, балпан, білеу балық, айнакөз балық, көкше, қылыш балық, буффало, кәдімгі шармай (бір килограмм үшін)	0,4
150	Майшабақтар (қарынсау (бадырақкөзді және жұмырбасты қосқанда), бражник май шабағы, долгы май шабағы, қара жон, тікенді балық, жалғанкөз-глосса, майшабақ (бір килограмм үшін)	0,8
151	Албырттар (қызғылт сары бахта, майқан (үскіш), сібір хариусы) (бір килограмм үшін)	1,7
152	Каспий итбалығы (бір дарақ үшін)	193
153	Ұзын бармақты шаян (түркістан түр тармағынан басқа) (бір килограмм үшін)	1,2
154	Салин артемиясының цисталары және басқа су омыртқасыздары - гаммарус, масақұрт, ақ құрттар (шикі өнімнің бір килограмм үшін)	3

Ескертпелер:

* Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерге жататын жануарлар, сондай-ақ ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа, пайдалануға тыйым салынған түрлер:

әрбір заңсыз жойылған (бүлдірілген) жануарлардың мекен ететін ұясы, іні, апаны және басқа да баспаналары үшін келтірілген нұқсан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынады;

әрбір заңсыз алынған (жойылған) жұмыртқа, сондай-ақ әрбір заңсыз алынған немесе жойылған сүт қоректілер аналығының ұрығы үшін жануарлардың осы түрінің ересек дарағы (аналығы) үшін келтірілген нұқсанды өтеу мөлшерінің 50 пайызы (айлық есептік көрсеткіштермен) өндіріп алынады;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/105 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10482 болып тіркелген) бекітілген Дериваттар тізбесіне сәйкес, әрбір заңсыз алынған немесе сатып алынған дериват, оның ішінде әрбір 100 грамм уылдырық үшін жануарлардың осы түрінің ересек дарағы (аталығы немесе аналығы) үшін келтірілген нұқсанды өтеу мөлшерінің 100 пайызы (айлық есептік көрсеткіштермен) өндіріп алынады.